

"Аудан, аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер әкімдері аппараттары мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекіту туралы" Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 наурыздағы №53 қаулысының күшін жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 73 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 мамырда № 5028 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудан, аудандық маңызы бар қала ауылдық округтер әкімдері аппараттары мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекіту туралы" Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 наурыздағы №53 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3791 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарысу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін
уақытша атқарушы*

С. Мамытов